

## 2025-2026 о.ж. I жарты жылдығы бойынша құқықбұзушылықтың алдын-алу шаралары

(мазмұны, әлеуметтік желідегі сілтемесі, суреттер)

Бүгін «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында Емдеу ісі, Стоматология және Мейіргер ісі мамандықтарының 1 курс, яғни кәмелет жасқа толмаған білім алушыларына құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында колледж инспекторы, ҚІБ ҚҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция капитаны: А.Досмағанбетов түсіндірме жасады. Онда Қазақстан Республикасының Қылмыстық және әкімшілік нормативтерде қылмыс орын алған жағдайда жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына қандай шаралар қарастырылғаны айтылды. Сондай ақ, Заң мен тәртіп қағидасының мазмұнын түсіндіріп, құқықбұзбауға шақырды

<https://www.facebook.com/share/p/1RSiLxC2s9/>











Қызылорда облыстық Жастар денсаулық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қызға қырық үйден тиым...» атты қыз балаларға арналған тәрбиелік шара өтті. Оған колледжімізден 25 қыз қатысып, қоғамдағы қыз балалар тәрбиесі жайлы тағылымды әңгімелер естіді. Шараны ашып сөз сөйлеген орталық директоры С.Тасмағанбетова шараның мақсат міндетіне тоқталды. Қонақта әжелер алқасының төрайымы Қалжанова Р., орталықтың валеолог маманы Алтаева А., психолог Джумадилаева Р. Қатысып, өз салалары бойынша маңызды мәліметтермен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/v/1DPpituXcH/>





<https://www.facebook.com/share/p/1AtmZ3BZ2e/>

Бүгін «Достық үйінің» мәжіліс залында ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің бөлім аға прокурорлары мен бөлім прокурорлары колледж білім алушыларына облысымыздағы ЕРАП/Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі порталы жайында ақпарат берді. Қазіргі таңда құқыққорғау органдарындағы барлық жаңалықтар мен еліміздегі орын алған қылмыстар, сондай-ақ, құқытық сауалдарға жауаптар барлығы цифрланған. Президентіміздің «Еститін үкімет» тапсырмасына орай бұл саланың 95% бүгінде цифрланған. ҚР әрбір азаматы Егов кз, Камқор гов, Е-өтініш ,т. б. порталдарға өз қолтаңбасымен кіріп қажетті мәліметін ала-алады деп түсіндірді. Кездесу соңында прокуратура қызметкерлері жастарды қылмыстан сақтануға және құқықтық сауатты болуға шақырды







<https://www.facebook.com/share/p/1EvXBcm5eN/>

«ӨЗ КӨЗІҢМЕН КӨР» акциясы жалғасуда

Бүгін Қызылорда медициналық жоғары колледжінен 22 білім алушы Қызылорда облысының кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына (Тасбөгет) барып мамандармен кездесіп қайтты. Кездесуде жастар арасындағы қылмыс санының арту себептері мен қылмысқа ұрынған жастардың сот процесінің өтуі жайлы түсіндірме жасады. Мақсаты- жастарды қылмыстан сақтандыру.





<https://www.facebook.com/share/p/17oKB4rT6F/>

«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында бүгін колледжде білім алатын ұл балалармен кездесу өтті. Оған Қызылорда ҚПБ криминалдық полиция бөлімінің аға жедел уәкілі Касимов Е.М., Қызылорда ҚПБ-ның ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция капитаны Досмағанбетов А. қатысып ер балалар арасында кездесетін құқыбұзушылықтармен, салдарымен таныстырып өтті. Сондай-ақ, қоғамдағы ер адамның ұлдың ролін ерекше атап өтті. Шара соңында мамандар тек қана білім алуға, бос уақытты пайдалы өткізуге және жан-жағымызға мейірімді болуға шақырды.





<https://www.facebook.com/share/p/17fcBCYHe4/>

1- желтоқсан СПИД пен күрес күніне орай колледжге АИТВ инъекциясының алдын-алу орталығының дәрігері Жұмабекова Гүлсім Рахманбергенқызы келіп білім алушыларға қатерлі дерттен сақтану туралы ақпараттық түсіндірме жасады. СПИД – иммундық жүйенің зақымдануы нәтижесінде организмнің қорғану күші әлсіреуінен туған патологиялық күй. Осындай мәліметтер келтіре отырып, облыстағы СПИД жұқтырудың мән жайын айтып, жастарды ретсіз, ерте, тәрбиесіз жыныстық қатынастан сақтану керек деді. Шара соңында түсіндірмелер жазылған үнпарақтар таратылды.





<https://www.facebook.com/share/v/1DUHtEzmM5/>

Қызылорда облыстық полиция департаменті мен Қызылорда облыстық прокуратураның бірлескен шарасы аясында «Өз көзіңмен көр» акциясы жүруде. Осы акцияға колледжден 30 ұл бала қаламыздағы түзету мекемесіне барып қылмыспен жазасын өтеп жасқан жасөспірімдердің өмірін біліп қайтты. Мұндағы мақсат- қылмыстың өтеуі жаза екенін түсіндіріп, қылмыс әлемінен аулақ жүруге тәрбиелеу



Видеосы да бар

## □□□□ТӘРБИЕДЕГІ ТЕҢГЕРІМ: ТАЛАП ПЕН ТҮСІНІСТІК БЕЛГІСІ

Колледжімізде ата-аналармен маңызды кездесу өтті. Жиынның мақсаты — жасөспірімдердің тәрбиесінде талап пен түсіністікті үйлестіре отырып, ата-ана–мұғалім–психолог байланысын нығайту.

□□ Колледж психологі Әйгерім Бабырқызы жасөспірімнің эмоционалды қауіпсіздігі, ата-аналық қолдау және дұрыс қарым-қатынас тәсілдері туралы мазмұнды ақпаратпен бөлісті.

□□ Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сыргүл Тұтқабайқызы студенттердің тәртібі, жауапкершілігі және бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдарын талқылады.

□□ «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрайымы Алтынай Мырқықызы ұлттық құндылықтар мен отбасылық тәрбиенің маңызы туралы құнды кеңестер ұсынды.

□ Жиын барысында ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Тәрбиеде талап пен түсіністікті тең ұстау — бала болашағына жасалған ең маңызды қадам. Ата-ана мен колледждің бірлігі — жарқын болашақтың кепілі.

Барлық ата-аналарға белсенді қатысқаны үшін алғыс айтамыз!

<https://www.facebook.com/share/p/1B945KZeQS/>





□ Суицидтің алдын алу – бәрімізге ортақ міндет!

Колледжімізде кәмелетке толмағандар арасындағы суицидалды мінез-құлықтың алдын алу бойынша маңызды іс-шара өтті.

Іс-шараны тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен психолог маман бірлесе ұйымдастырып, колледж мұғалімдеріне бағыт-бағдар берді.

Кездесу барысында:

- Жасөспірімдер арасындағы суицидтің негізгі себептері мен ерте белгілері;
- Алдын алу шараларындағы педагогтердің рөлі;
- Қиын жағдайдағы оқушыға психологиялық қолдау көрсету тәсілдері талқыланды.

Іс-шараның мақсаты – педагогтердің сақтығын күшейту, оқушылардың психоэмоциялық жағдайына уақытылы назар аударуға шақыру.

\* □ Суицид – үнсіз келетін қауіп. Алдын алу – жанашырлықтан, түсінуден және дер кезінде көрсетілген қолдаудан басталады.

<https://www.facebook.com/share/p/1Dw4vzUsLb/>



Бүгін колледж инспекторы А.Досмағанбетов оқу топтарына кіріп, кәмелетке толмағандар арасында болатын тқылмыстардың алу алу бойынша түсіндірме жасады. Интернет алаяқтық, адам бопсалау, беймезгіл жүрмеу, нашақорлықтан сақтану, лудомания жайлы ақпарат беріп өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1DEVdrYWDz/>





## □□♀□ САЛАУАТТЫ ӨМІРДІ СЕРІК ЕТУГЕ ШАҚЫРДЫ

Колледждің білім алушылары Облыстық психикалық денсаулық орталығының уақытша бейімдеу және детоксикация бөлімшесіне барып, орталық мамандарынан ақпараттық-танымдық мәлімет алды.

Кездесу барысында профилактикалық жұмыстарға жауапты маман Байдуйсенова Кенже Жүзбайқызы білім алушыларға зиянды әдеттердің адам денсаулығына және өмір сапасына тигізетін кері әсері жөнінде жан-жақты түсіндіріп, олардан аулақ болуға шақырды.

Айта кету керек, облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен 2025 жылдың 25 қараша – 8 желтоқсан аралығында денсаулық сақтау саласының нарколог-дәрігерлері мен мамандарының қатысуымен «Жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу»

тақырыбында танымдық-ақпараттық және тәжірибелік дәрістер өткізілуде.

Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдер арасында есірткі, қорқор, алкоголь, темекі қолданудың, сондай-ақ ойынқұмарлық пен есірткі қылмысының алдын алу

Бүгін колледж білім алушылары Облыстық психикалық денсаулық орталығының уақытша бейімдеу және детоксикация орталығына барып, мамандардан ақпараттық-танымдық мәліметтерін тыңдады. Орталықтың профилактикалық жұмыстар жөнінде жауапты маманы Байдуйсенова Кенже Жүзбайқызы білім алушыларға жаман әдеттердің зардабы және олардан аулақ болуға шақырды

<https://www.facebook.com/share/p/1GhwXQtyet/?mibextid=wwXIfr>

<https://www.facebook.com/share/p/17GUT4Xy98/>

2 рет барды

Қамтылған оқушы саны 110





## Отбасы-тәрбие мектебі

Бүгін колледжге оқуға түскен I курс білім алушыларының ата-аналарына жиналыс өтті. Жиналысты ашып сөйлеген директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Молдраймова «Бала тәрбиесіндегі отбасының ролі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамасында колледжі тарихы, оқу орнының ерекшеліктері, тәрбиелік жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталды. Мәдениет қайраткері, белгілі жырау Б. Саймағанбетов «Сыр сүлейлерінің жырларындағы-тәрбие өзегі» мәселесінде сөз қозғап, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық құндылықты дәріптеді. Сөз алған колледж психологы Ж.Әшімова «Бала тәрбиесінде жіберетін ата-аналардың кемшіліктері» тақырыбында психологиялық кеңестер айтты.







Облыстық жастар орталығының валеолог маманы А. Құлмұратова, колледж медбикесі А. Алибаева «Тәңір сыйын есірткіге айырбастама» және «дұрыс тамақтану» тақырыбында білім алушыларға арнап семинар-сабақ өтті.

Семинарда қазіргі уақытты нашақорлық, маскүнемдік, синтетиклық есірткі проблемасы әлем бойынша да өзекті болып тұрғаны, соның салдарынан жастар арасында есірткіні, уақытты затты т.б. пайдалану жағдайлары аса алаңдатушылық тудыруда. Жаман әдеттің нәтижесінде өмір сүру ұзақтығы қысқарып, әлуметтік жағдайларға әсер етуде. Зиянды әдеттерден аулақ болып, шылым шегудің алкоголизмнің, нашақорлықтың алдын алуға әрбір азамат өз үлесін қосу қажет-деді валеолог маманы А. Құлмұратова

Маман салауатты өмір салтын ұстану,зиянды әрекеттерден қорғану, дұрыс емес тамақтанудың адам ағзасына зияны сияқты тақырыптарға (вейп, есірткі т.б) жеке тоқталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1GPepZdBTd/>





Бүгін ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 23 қыркүйек – 2 қазан аралығында «Техникалық және кәсіптік білім беру қызметкерлері» күнін атап өту тұжырымдамасына сәйкес «PROFMарафон: МЕЙІРІМ» – әлеуметтік жобасы аясында колледж оқытушылары мен жоғары курс студенттері №4 С.Сейфуллин атындағы мектепке барып қызметкерлер мен оқушыларға алғашқы көмек алгоритмін көрсетті. Хирургия пәнінің оқытушысы Ибраев Б.студенттерімен жүрек-өкпе реанимациясын көрсетсе, мейіргер ісі негіздері пәнінің оқытушылары Махмуд Қ., Айдарбек Н. Студенттерімен бірге мектеп қызметкерлерінің қан қысымын өлшеп кеңестер берді, сондай-ақ, адамның негізгі қызмет етуші мүшелерінің құрылысымен таныстырып, денсаулықты күтуге шақырды. Өз кезегінде бұл жоба мектеп оқушыларының дәрігерлік мамандыққа деген сүйіспеншілігін оятып, болашақ мамандық таңдауына бағыт болары сөзсіз.

<https://www.facebook.com/share/v/1Fa5mC1egQ/?mibextid=wwXlfr>



## БАТЫРЛЫҚ ПЕН ОТАНШЫЛДЫҚ ДӘРІШТЕЛДІ

Облыстық Қоғамдық даму басқармасының әлеуметтік тапсырысы аясында колледжде «ЕРЛІК пен ПАТРИОТИЗМ-ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ НЕГІЗІ» атты тәрбиелік шара өтті. Шараны өткізудегі мақсат-қазақстандық жауынгерлердің ерлік мұрасын дәріптеу, жастарды елін, жерін қорғауға, әскер қатарында еңбек етуге, батырлықтың үлгісін көрсетуге шақыру. Шараға қонақ ретінде ҚЕҰ өкілдері, теолог-маман, әскери қызметшілер мен ұстаздар қатысты.

<https://www.facebook.com/share/1G8eXYUZCz/?mibextid=wwXIfr>





□ Қызылорда медициналық жоғары колледжінде прокуратура өкілдерімен кездесу өтті

Бүгін колледждің оқытушылары мен студенттерімен прокуратура өкілдерімен кездесті. Кездесудің басты мақсаты – қолданыстағы заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер туралы ақпарат беру болды

Прокурор Ысқақ Е. 2025 жылдың 16 қыркүйегінен бастап дропперлікке қатысты заңның күшіне енгенін атап өтіп, біреуге ақша аудару мәселесінде аса сақ әрі сауатты болуға шақырды.

Ал прокурор Нажмадин Б. адам ұрлығына қатысты заңға некеге мәжбүрлеу жөніндегі жаңа тармақ енгізілгенін жеткізді. Оның айтуынша, мұндай зорлық әрекеттеріне барған адамдарға 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Кездесу соңында студенттер мен оқытушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды

<https://www.facebook.com/share/p/1BWruBp1cs/>



**Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі ведомства аралық штаб отырысының хаттамасы негізінде бүгін колледжде «Нашақорлықтың және есірткінің заңсыз айналымының алдын-алудағы педагогтердің ролі» тақырыбында ұжымдық оқытулар болып өтті. Оған облыстық психикалық денсаулық орталығының клиникалық психологы Әбдеш Ә.А., Облыстық психологиялық қолдау орталығының психологы Бисенова Ж.Ж. қатысып қоғамды есірткіден тазарту жолындағы педагогтар қауымына артылар міндеттер мен әрекеттерге тоқталды. Білім мен тәрбие егіз. Сіздер білім берумен қатар баланың жан дүниесіне ену қарқылы балаға жне жетпейді, көңілі нені қалайды, жан дүниесіне не көмек керек екенін күнделікті тани білуге шақырды. Шара соңында сұрақтарға жауап берілді.**

<https://www.facebook.com/share/p/1BUbEu6bWp/>





**«Нашақорлық пен есірткінің заңсыз айналымының алдын-алудағы педагогтың ролі» тақырыбындағы ұжымдық оқыту өтті**

**Колледж оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған «Нашақорлық пен есірткінің заңсыз айналымының алдын-алудағы педагогтың ролі» тақырыбындағы ұжымдық оқыту болып өтті.**

**Ұжымдық оқытуды заңгер Т.Нурумбетов, қауіпсіздік бөлімінің басшысы Сейт А. жүргіді.**

**Мамандар жыл сайын Мемлекет басшысы есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимылға баса назар аударады. Олардың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік күшейтіледі, қылмыстық заңнамаға қылмыстардың жаңа құрамы енгізіледі. Айта кету керек, көптеген жастар мен студенттер есірткі сатушылардың ілгегіне түсіп жатқанын айтты**

**Осы мәселеде педагогтардың оқу-тәрбие процесінде пәрменді жұмыстарының маңызы зор деп атап өтті**



## ОҢАЙ АҚША-ЕШКІМДІ ОҢДЫРМАЙДЫ!

Бүгін банк және құқыққорғау қызметкерлерімен білім алушылардың кездесуі болды. Оған Қазақстан Халық банкі АҚ Қызылорда облысы филиалы бөлшек бизнес орталығының басшысы Жанбаев Ғ.Ө., Қазақстан Халық банкі АҚ қауіпсіздік бөлімінің бас маманы Ерубәева Э.М., Қызылорда облысы Полиция Департаментінің қызметкері Ермаханов Н.Т. келіп қазіргі таңда интернет алаяқтардың көбейгенін және олардың басты мақсаты - ОҢАЙ АҚША табу екенін айтты. Ол үшін Сені де оп-оңай қылмысқа тарта алады деді Мысалыға:

- саған банк қызметкері болып звондауы мүмкін, ол кезде код айтып жібер деп Сенің есеп шотыңа кіре алады, сөйтіп сенің атыңнан кредит алады немесе картаңдағы ақшаны алады;

-сені дроппер қылуы мүмкін, ол дегеніңіз Сен арқылы басқа біреуге ақша аудартады. Ол кезде саған қызметің үшін 5-10 мыңын алып қал дейді. Алаяқтарды тексере келе сенің шотың шығып тұрса алаяқтармен ауыз жаласқан деп 7 жылға дейін сотталып кетуің мүмкін.

-сосын бейтаныс нөмірден телефон соққан адам өзін банк қызметкерімін, ұялы телефон операторымын, комуслуга бойынша деген желеумен звондаса, бірден үзіп тастандар.

Қорыта айтқанда, алаяқтар әбден интернеттің майын ішкен мықты мамандар, кез-келген әдіспен Сені немесе жақындарыңды оңдыртпай қарызға тығып кетуі мүмкін, сондықтан өздеріңе де, досыңа да, жақындарыңа да осы мәселені айтып сақ болуға шақырамыз деді сала қызметкерлері

<https://www.facebook.com/share/p/1FXjKWgYLA/>





### **Жатақхана тұрғындарының тыныштығы маңызды!**

**Бүгін колледж білім алушылары жататын жатақханада жасөспірімдер арасында, оның ішінде әсіресе ұл балалар арасында болып жататын әлімжеттік, бопсалау, қысым көрсету т.б. қылмыстардың алдын-алу мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары болды. Жатақханаға Қызылорда ПБ ЮПБ аға УПИ полиция майоры В. Соболев және Қызылорда ПБ-сы ЮПБ УПИ полиция лейтенанты С. Сахи келіп түсіндірме жасады және алаяқтық, лудомания бойынша да ақпарат берді және**

есірткілік заттардан аулақ болуға шақырды Сондай ақ, бейбіт өмірдің қадірін біліп жақсы білім алуға шақырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1D9heLK8HJ/?mibextid=wwXIfr>



**«ЗАҢ және ТӘРТІП» идеологиясы аясында құқықтық түсіндірме жасалды**  
**Бүгін «ЗАҢ және ТӘРТІП» идеологиясы аясында колледж білім алушыларымен профилактикалық кездесу өтті. Кездесуге Облыс прокуратурасының Басқарма прокуроры А. Оңдасын, ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция капитаны**

А.Досмағанбетов қатысып, кәмелетке толмағандар арасында болатын қылмыстар, алдын-алу бойынша түсіндірме жасады. Түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз көшеде жүру-бұл қылмысқа бейімдіктің көрсеткіші-деді прокурор А.Оңдасын. Сондай-ақ, құрдастар, топтастар арасында буллинг, әлімжеттілік, бопсалау әрекеттері орын алса маған, немесе оқу орнының басшылығына хабарлау керектігін айтты. Колледжінің аймақтық инспекторы А.Досмағанбетов ішкі және сыртқы тәртіп, ережелерді сақтауға шақырды.

Қандай да бір әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін тағайындалатын жазалар туралы хабарлады. Кездесу соңында қоғамда тыныштық, елімізде бейбітшілік баянды болу үшін жастардың тәрбиесі мен мәдениеті маңыздылығын атап өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1JWB8WHtxL/>





### **Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу**

**Бүгін Қалалық полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторы, полиция капитаны Бұрханова Бализат, полиция лейтенанты Серікқызы Арайлым**

колледжінің I курс білім алушыларымен кездесу өткізді. Кездесудің мақсаты- қоғамда орын алатын отбасылық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу, кәметке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, т.б. мәселелер бойынша түсіндірме жасау. Б.Бұрханова егерде өздеріңіздің, жақындарыңыздың немесе достарыңыздың арасында қиын жағдайларды байқасаңыздар құқыққорғау органдарына, немесе топ жетекші апайларға айтып, хабар беру керек екендігін жеткізді.

Сонымен қатар, қонақтар буллинг, лудомания, интернет алаяқтық, бопсалау т.б.бойынша қылмыстық әрекеттен сақ болуға шақырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1EqCgiCrCZ/>



**Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша кездесулер өтті**

**Бүгін** Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция капитаны А.Досмағанбетов колледжінің I курс білім алушыларына жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерін түсіндірді. Көшені ластамау, түнгі сағат 22.00-ден кейін заңды өкілінсіз көшеде жүрмеу, бір-біріне қысым көрсетпеу, буллинг, кибербуллинг, лудоманиядан сақтану, әлімжеттік жасамау, бөтеннің мүлкіне қол сұқпау, интернет алаяқтықтан сақтану сияқты мәселелерді қамтыды.

<https://www.facebook.com/share/p/17TLLzJvwg/>



«Бопсалаушылық-қылмыстық әрекет»

**Бүгін осы тақырыпта** Қызылорда ҚЖК бөлімінің бастығы полиция майоры Д. Бекенов, Қызылорда ҚПБ ЖПКБ ЮПБ УПИ-ры полиция капитаны А.Досмағанбетов. Колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Т.Молдраймова 1 курс білім алушыларына түсіндірме жұмыстарын жасады.

Полиция майоры Д. Бекенов Бопсалау- ауыр қылмысқа жататынын, егер сізден мектепте немесе мектептен тыс жерде ақша талап етсе, қайда баруға болады деген сұраққа жауап берді. . Әңгіме барысында ұрлық, тонау, бопсалау, дене жарақатын келтіру сияқты қылмыстарды жасағаны үшін жауапкершілік мәселелері қозғалды.

<https://www.facebook.com/share/p/19hbpaXhZe/>



## □ ТӘРТІП САҚТАУҒА ШАҚЫРДЫ

Колледж жатақханасындағы ержігіттермен Қызылорда қалалық Полиция Басқармасының ЖПҚБ ЮПБ УПИ -ры полиция капитаны Күзембаева Гаухар Ерболатқызы кездесу өткізді. Мақсаты — жастар арасындағы қорқыту, бопсалау, әлімжеттікті болдырмау, құқықбұзушылықтардың алдын-алу.

Гаухар Ерболатқызы қоғамдағы жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайларды болдырмау үшін нақты мысалдар келтіріп, тәртіп сақтау керектігін ескертті. Қаламыздағы жастар арасындағы тәртіп мәселесі қатты қадағалауда, кішкене шалыс басып, өмірлеріңізді ойран қылып қоймаңыздар. Қандай да бір қылмыс байқасаңыздар дереу оқу орнының басшылығына немесе 102 хабар беріңіздер. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сыргүл Молдраймова да білімалушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тәртіп сақтауға шақырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1CWEfS23xc/?mibextid=wwXIfr>





10.09.күн колледж студенттері Анаға тағзым орталығына барып, «Саналы ата-ана-бақытты бала» тақырыбында психологиялық тренингке қатысты

<https://www.facebook.com/share/v/16XWTeUZss/>



09.09 күні Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының республикалық ақпараттық түсіндірме тобының мүшесі Е.Қ.Жұмаділдамен колледж студенттері кездесті.

□ СТУДЕНТТЕР ИСЛАМТАНУШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда медициналық жоғары колледжінде Республикалық ақпараттық түсіндіру тобының өкілі, исламтанушы Жұмаділда Елдос Қуандықұлы студенттермен кездесіп, дін мен дәстүр, тәртіп пен тәрбие тақырыптарында дәріс оқыды.

Шараны Қоғамдық даму басқармасының тапсырысы негізінде «Асыл мұра» Қоғамдық қоры ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/1EWqV3aRD2/?mibextid=wwXIf>



02.09.2025 ж. «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІППЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ ТҮСІНДІРУ МАҚСАТЫНДА  
КОЛЛЕДЖГЕ ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСУ  
ӨТТІ

□ Облыстық полиция департаментінің бөлім басшысы Айдос Ақбаев, Қызылорда ҚПБ-ның ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция капитаны Асқар Досмағанбетов және оқу орны директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сыргүл Молдраймова қатысып түсіндірме жұмыстарын жүргізді

#тәртіп

#Заң#ҚұқықтықҚоғам

<https://www.facebook.com/share/p/1ErK1mo9SB/?mibextid=wwXlfr>

